

## Иса Байзақовтың туғанына 100 жыл толуын мерекелеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2000 жылғы 4 мамыр N 69-ө

"1999 жылдан - 2000 жылға дейінгі кезеңде республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 344 P990344\_ қаулысын іске асыру мақсатында көрнекті суырып салма ақын Иса Байзақовтың 100 жылдығына орай:

1. Қоса беріліп отырған Иса Байзақовтың (бұдан әрі - И. Байзақов) туғанына 100 жыл толуын мерекелеу жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Білім және ғылым министрлігі, Павлодар облысы мен Алматы қаласының әкімдері іс-шаралардың Жоспарға сәйкес уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін.

Премьер - Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің 2000 жылғы  
4 мамырдағы N 69-ө  
өкімімен бекітілген

Иса Байзақовтың туғанына 100 жыл толуын

мерекелеу жөніндегі іс-шаралар  
Жоспары

---

N !	Іс-шара	! Орындалу !	Орындалуына
р/н!		! мерзімі !	жауаптылар
!		!(2000 жыл)!	

---

1 И. Байзақовтың туған жерінде мерейтой қазан Павлодар  
іс-шараларын өткізу облысының әкімі

- 2 И. Байзақовтың туғанына 100 жыл толуына қыркүйек Алматы арналған салтанатты жиналыс өткізу қаласының әкімі, Қазақстан жазушылар одағы (келісім бойынша)
- 3 Қазақстан Республикасының Орталық бұл да Мәдениет, ақпарат мемлекеттік мұражайында "Иса Байзақов және қоғамдық және қазақ театр өнері" көрмесін өткізу келісім министрлігі
- 4 Қазақстан Республикасының Ұлттық бұл да Бұл да кітапханасында И. Байзақовтың кітаптарының көрмесін өткізу
- 5 И. Байзақовтың шығармалар жинағын "Қазақ шілде Бұл да поэзиясының алтын қоры" сериясымен шығаруды қамтамасыз ету
- 6 Астана қаласында шығармашылық зиялы қазан Бұл да қауымның қатысуымен И. Байзақовтың мерейтойына арналған поэзиялық кеш өткізу
- 7 "Ғасырлар тоғысындағы қазақ мәдениеті" бұл да Білім және ғылым республикалық ғылыми-практикалық министрлігі, конференциясын өткізу Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті (келісім бойынша)
- 8 Мерейтой іс-шараларының бұқаралық тұрақты Мәдениет, ақпарат ақпарат құралдарында кеңінен жарық және қоғамдық көруін қамтамасыз ету келісім министрлігі
- 

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК